



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Таким образом, психологическая помощь детям, находящимся в условиях эмоциональной депривации будет эффективной при соблюдении следующих условий: системность и целенаправленность работы по оказанию психологической помощи, направленность коррекционно-развивающей работы психолога на гармонизацию личностных особенностей подростков, специфичных для воспитанников приюта (понижение враждебности во взаимоотношениях со сверстниками и развитие навыков общения, формирование адекватной самооценки, развитие способности к самопознанию и уверенности в себе, понижение зависимости от окружающих, снижение уровня тревожности и др.).

Список используемой литературы

1. Волкова Е.М. Трудные дети или трудные родители. -М.:Профиздат, 1992. –с.25-26.
2. Дементьева И.Ф. Социальное сиротство: генезис 84 и профилактика. – М: ГосНИИ семьи и воспитания. - 2000. –с. 25-27.
3. Дети-сироты: консультирование и диагностика развития/ под редакцией Е.А. Стребелевой/ М., 1998. –с.34-37.
4. Ковалев С.В. Психология современной семьи. -М.:Просвещение, 1988. –с.42-44.
5. Корниенко Н.А. Эмоционально-нравственные основы развития личности. Новосибирск: Изд-во НГПУ, 1995. -с.134-138.
6. Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. -М.:Педагогика, 1991. – с.42-45.

Ә.О.Ж.796:(574)

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ-ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ КЕПІЛІ

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

Utepov_amantay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Дене тәрбиесі кафедрасынан

Ғылыми жетекші- А.Өтепов

Бүгінгі таңда Қазақстанның әрбір азаматының адамгершілік қасиеттерін, ақыл-ой қабілеттерін тәрбиелеумен қатар олардың денсаулығын нығайтуды және дене тәрбиесімен айналасуды күнделікті өмір сүру салтына енгізудің үлкен маңызы бар мемлекеттік міндет екендігі еліміздің Ата заңында көрініс тапқан . Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44 бабының 8-інші тармақшасында: «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту және олардың денсаулығын сақтауға деген Конституциялық құқығын іске асыру» туралы қаулы жас буынның өсуі мен қалыпты дамуына ықпал етіп отыр. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы көрсетілген мемлекеттік дамудың ұзақ мерзімді стратегиясында: «Қазақстан-2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ал оның төртінші ұзақ мерзімді басымдылығы: «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты » деп айқындалған [1,26 б]. Онда бүгінгі кезеңнің міндеттерін өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтыны, сонымен бірге жастар алдындағы жауапкершілік туралы да айтылған. Қазақстанның болашағы-қазіргі жеткіншек жастардың денсаулығына, оны нығайту ісіне айрықша назар аударылып, салауатты өмір салтын тұрмысқа толық енгізу көзделген. Сондықтан да, барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы туралы Республика Президентінің халыққа жолдауы осы міндеттерді шешуге бағыттайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 29 қаңтар 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекетіміздің дене шынықтыру мен спорт саласындағы саясаты айқын берілген, оның мәні: дене шынықтыру мен спорт құралдарын, соның ішінде республика

алдында тұрған рухани бай, моральдық таза, денелік жетілген саяси, экономикалық, идеялық мәселелерді шеше алатын ұрпақты қалыптастыратын Қазақтың ұлттық түрлерін тиімді қолдануда.

Республикамыздағы дене шынықтыру мен спорттың даму күйі Қазақстан ел басының қолдауына сай келмей отыр. Қазіргі уақытта дене шынықтырумен және спортпен республика тұрғындарының 10% ғана шұғылданады, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50% құрайды.

Қазақстанда дене тәрбиесінің қалыптасуының және дамуының әлеуметтік-педагогикалық шарттарының сараптамасы жинақталған педагогикалық тәжірибені қазіргі кезеңде қолдану жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихи-педагогикалық және ғылыми әдебиеттерді зерттеу-Қазақстанда халықтық дене шынықтырудың педагогикалық мүмкіндігі осы уақытқа дейін арнайы ізденісте бола қойған жоқ деген шешім қабылдауға негіз болады. Сонымен, дене шынықтырудың педагогикалық мазмұнын оны заманауи спорттық-тәрбиелеу тәжірибесіне көшіру мақсатымен айқындау және оның тарихи-әдістемелік және мазмұнды салаларының жеткіліксіз түзілуі арасында карама-қайшылықтар туындайды.

Менің бұл мақаламды жазудағы мақсатым, дене тәрбиесін Қазақстан 2050 стратегиясы бойынша жоғарғы деңгейге дамытып спорт арқылы халықтың денсаулығын жақсарту тек қана дене тәрбиесі арқылы жүзеге асатын дәлелдеу болып табылады.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің “Қазақстан-2050” стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Сондай-ақ Президентіміздің қолдауымен 2003 жыл – денсаулық жылы болып жарияланған. Расында да, бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде.

Қазақтың халықтық ойындары мен дене жаттығуларын тәрбиелік мақсатта қолдану – тарихи ғана емес, керемет бір ерекше құбылыс. Бұл құралдардың халық тұрмысының болмысындағы алатын орны зор болды, ең алдымен олар тек қана әскери-саясатты емес, сауықтырулы-қолданбалы бағытта болды. Бұл айтылған мәселенің бір көрсеткіші-орта ғасырдың көрнекті қазақ ғұламалары М. Қашқари мен Ж. Баласағұн. Олардың өз уақытына тән толғанулары жақсы таңдалған бастапқы материалға негізделеді, онда халықтық ойындар көмегімен мәні бойынша теңдессіз мәселені-дені сау және көңілі тоқ ұрпақты дайындауға болатын табиғи игіліктерді қолдануға қатысу өнімі ретінде сипатталады.

Алынған мәліметтер М. Қашқари мен Ж. Баласағұн орта ғасырлық кезең дене тәрбиесінің ең алғашқы теоретиктерінің бірегейлері болғандығын көрсетеді. Олардың өскелең ұрпаққа мақсатты тәрбие беруде ұлттық ойындары мен дене жаттығуларына дұрыс негіздеме берудегі еңбектерінің маңызы зор. Әсіресе маңыздысы-олар балалар ойынына және балаларды ойын көмегімен тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлді, ал олар өз кезегінде адамның кез келген бір іс-әрекеті ретінде қоғамның тіршілікте маңызды мәселелерді шешуіне арналған.

Дене шынықтырудың тарихи тәжірибесі мен заманауи күйін демократиялық, адамгершілік, негізгі қағидалары тұрғысынан этностық-педагогикалық, этностық-мәдени, этностық-психологиялық ерекшеліктері мен басты ережелерін тереңінен қайта ұғыну қағидалары негізінде 2010 жыл, 29 қаңтар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына «Жаңа он жылдық–жаңа экономикалық жетістік–жаңа мүмкіндіктер» жолдауында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Дене шынықтыру

мен спорт туралы» заңдарында, 2007-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасында берілген. «Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлері мен ұлттық қимыл-қозғалысты ойындарды дамыту қағидасы» Қазақ халқының өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық дене шынықтыруының педагогикалық мазмұнын қолдану жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Дәстүрлі қазақ ұлттық рәміздерін, ерекшеліктерін қолдану- ұлттық спорттық-бұқаралық, сауықтыру іс-шараларын, түрлі мерекелерде ойындарды ұйымдастыру мен өткізудің қажетті элементі болып табылады. Қазақтардың тәрбиелік дәстүрлі мәдениетінің қайта жаңғыртылуының бір шарты болып табылатын ұлттық спорт түрлерінің, ұлттық қимыл-қозғалысты ойындарының, дене жаттығулары мен сайыстарының қалпына келтірілуі мен жүйелендірілуіне басым көңіл бөлу қажет. Бұл үдеріске тек қана мамандар ғана емес, мәдени ақпаратты таратуға тікелей қатысатын-оқытушылар, тәрбиешілер, қоғамдық қызметкерлер белсенді қатысуға міндетті.

Ұлттық спорт түрлері, халықтық қимыл-қозғалысты ойындар мен дене жаттығулары мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, жалпыға білім беру мектептерінде, орта және жоғары білім беру ұйымдарына арналған бағдарламаларда айқындалуы қажет.

Бүгінгі күн сұраныстары біршама маңызды және өзекті мәселелердің қатарына дене шынықтыру оқытушысының жеке басын қалыптастыру мәселесін енгізіп отыр. Бұл мәселе болашақ дене шынықтыру мен спорт маманына жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесіндегі ұлттық денелік білім беру тұрғысынан қарастырылады.

Қазіргі заманда әрбір азаматтың бойындағы дене қозғалыстарының сапалық қасиеті мен рухани күшін үйлестіріп олардың еңбек ету қабілетін арттыруға, белсенді өмірін ұзартуға бағытталған дене тәрбиесіне көп көңіл бөлген жөн. Дене тәрбиесі балабақшадан бастап мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарында және өндірістік ұжымдарда өткізілгендігімен оған тиісті дәрежеде бағалап, адам өміріндегі рөліне жете мән бере қойған жоқпыз. Дене тәрбиесінің адам тәніне тигізетін әсері мен заңдылықтарын жете білу ұрпақтың, ертеңгі ұлағатты ұстаздың алдында тұрған негізгі міндеті. Гимнастикамен, жеңіл атлетикамен, жүзумен, шаңғы тебумен, спорт ойындарымен жүйелі түрде және үздіксіз айналысатын жастар дені сау болып қана қоймай, дене жаттығуларымен айналыспаған өздерінің құрдастарына қарағанда сергек, саналы болып өсетінін ғылым мен өмір тәжірибесі толық дәлелдейді. Сондықтан салауатты өмір салтының бір белгісі әрбір адамның дене тәрбиесімен жүйелі түрде айналасуы болып табылады. Күштілік, төзімділік, жылдамдық, икемділік сергектік, өмірге деген құштарлық, мықты денсаулық тәрізді сапалы қасиеттер дене шынықтыру мен спорт арқылы орнығып қалыптасады.

Қазақ халқының дене шынықтыруын дамытуға арналған бағыттардың дамыту деңгейі біршама ықпал етеді, бұл жерде халықтың тек қана ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлерін ғана емес, Қазақстан Республикасының экономикасы мен мәдениетінің заманауи деңгейі мен оның даму болашағын ескеру қажет[2].

Жастарымызды спортқа баулу, салауатты өмір салтын күнделікті тәртіпке енгізу түрлі деңгейдегі спорт мектептері арқылы да жүзеге асырылады. Бұл ретте спорт мектептері қоғамдық-әлеуметтік институты. Қоғам мектепті одан өзіне қажетті нәтиже алу үшін, яғни оның мүддесіне қызмет көрсете алатын қоғам мүшелерін дайындау үшін құрады. Ол үшін қоғам мүддесінен туындайтын сұраныс анықталады. Қазіргі қоғамға ақыл-ой кемелденген іскер, білімді, денсаулығы мықты адам керек. Денсаулық жеке адамның байлығы емес, қоғамның да байлығы. Бүгінгі күні ұлттың саулығы бұл оның қауіпсіздігі, ал оның мәнінде болмауы халықтың өзінен өзі құруына әкеліп соқтыратын қауіп қатер.

Қорыта келгенде, академик Н. М. Амосов айтқандай: “Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды.”

Құрбы-құрдастар, егемен еліміздің болашағы біздер. Қоғамда болып жатқан жаман әдеттерге кінәлі-адамдардың өзі. Осындай жат, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстап, төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білуіміз керек. Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік,

темеіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын насихаттайық.

Қолданылған әдебиет

- 1) 1. Послание Президента страны народу «Казахстан-2030 Процветание, безопасности и улучшение благосостояние всех Казахстанцев». Юридический вестник в Казсхстане № 3, 2002.
- 2) Ақмырзаев М.М. Құбыламыз-салауатты өмір салты. Ғылым және жастар // III Республикалық ғылыми -тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау, 2003.

УДК 153:34

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Исабекова Индира Тюяковна

indi444@mail.ru

магистрант ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель к.п.н., доцент Салиева А.Ж.

На современном этапе в эпоху глобализации меняется подход к учащимся начальных классов. Начиная с начальных классов, младшему школьнику необходимо гибко адаптироваться в современном информационном пространстве.

Для того, чтобы чувствовать себя комфортно, быть уверенным в правильности принимаемых решений и собственного выбора, очень важно уметь анализировать предлагаемую информацию, отделять факты от мнений, уметь анализировать факты с точки зрения их соответствия интересам личности и общества, нравственным ценностям.

Поэтому задача школы в обучении заключается не только в том, чтобы дать детям знания, но и в том, чтобы научить воспитанников добывать их и осваивать самостоятельно. Школа должна помочь ребятам войти в мир реальных отношений и научить их жить в современном обществе.

Исследования психологов показывают, мышление младшего школьника находится на переломном этапе развития: в это время у ребенка совершается переход от мышления наглядно-образного, являющегося основным для данного возраста, к словесно-логическому, понятийному мышлению. Поэтому особое значение при обучении учащихся начальной школы приобретают развитие у них способности мыслить критически. [1, с. 39]

Одним из основных путей решения данной проблемы, позволяющих добиться позитивных результатов в формировании мыслительной деятельности младших школьников, является технология развития критического мышления.

Что же такое критическое мышление?

Критическое мышление – это один из видов интеллектуальной самостоятельной деятельности учащихся, основанный на исследовательских методах ведения урока: рефлексивном целеполагании, выявлении проблемы урока, выдвижение гипотез. [1, с. 36]

С позиции ученика развивает любознательность учащихся, их интеллектуальные умения в подходе к решению задач разных уровней, учит самооценке.

С позиции учителя использование исследовательских методов деятельности на уроке: развитие оценочного мышления, рефлексивной постановки цели урока, выявление проблемы, выдвижение гипотез, прогнозирование последствий своих решений.

Технология формирует следующие навыки: